

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2017 жылғы 12 мамырдағы № 15/6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 маусымда № 4226 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2020 жылғы 10 маусымдағы № 72/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 10.06.2020 № 72/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімге қоса берілген "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидалары және оның сипаттамасы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Мамлют ауданы мәслихатының

сессия төрағасы

Солтүстік Қазақстан облысы

Мамлют ауданы

мәслихатының хатшысы

Д. Прелгаусас

P. Нұрмұқанова

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2017 жылғы 12 мамырдағы № 15/6 шешімімен бекітілген

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидалары және оның сипаттамасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру

Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік күелігін беру тәртібі мен оның сипаттамасын айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік күелігі (бұдан әрі – қызметтік күелік) "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі (бұдан әрі – Аппарат) әкімшілік мемлекеттік қызметшінің атқаратын лауазымын растайтын ресми құжат болып табылады.

3. Қызметтік күелік осы шешіммен бекітілген сипаттамаға сәйкес келеді.

4. Тиісті рәсімдеусіз, қолдану мерзімінің уақыты өткен, кірлеген және өшірілген қызметтік күелік жарамсыз болып саналады.

2. Қызметтік күелікті беру тәртібі

5. Қызметтік күелік Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихат хатшысының қолы қойылып беріледі.

Қызметтік күелік Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихат хатшысының өкілеттілік мерзімі аяқталғанша қолданылады.

6. Қызметтік күелік қызметшілерге лауазымға тағайындалған, лауазымы ауысқан, жоғалған, сондай-ақ бұған дейін берілген күелік бүлінген жағдайда беріледі.

Қызметшілер қызметтік күелікті алу барысында осы Қағидаларға 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихат аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік күелікті беруді есепке алу журналына қол қояды (бұдан әрі – есепке алу журналы).

7. Қызметтік күеліктер және есепке алу журналы Аппараттың кадр қызметінің сейфінде сакталады.

8. Мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған мемлекеттік қызметшіге қызметтік күелікті тапсырған кезде пайдалану және оны сақтау тәртібі бойынша түсіндіру жүргізіледі.

Осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген, қызметтік күелікті ауыстыру кезінде, қызметтік күелікті беруге жауапты, кадр қызметінің қызметкері бұрын берілген қызметтік күелікті қайтарып алады.

3. Қызметтік күеліктің сипаттамасы

9. Қызметтік күеліктің мұқабасы көлемі 19 x 7 сантиметр (ашып көрсетілген түрінде), күрең көк түсті жасанды былғарыдан тұрады.

10. Куәліктің сыртқы бетінің ортасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының алтын түсті бейнесі орналасқан, одан төмен типографиялық қаріппен "КУӘЛІК", "УДОСТОВЕРЕНИЕ" деген жазу жазылған.

11. Куәліктің сол және оң ішкі жағында шеңберде орналасқан күн мен қалықтаған қыранның жасырын формасын қолдана отырып көгілдір түсті қорғаныштық тангир бейнеленген. Жоғарғы бөлігінде "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ", "РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН" деген жазулар, одан төмен мәтіннен қызыл түсті үзік жолақпен бөлектелген "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, коммунальное государственное учреждение "Аппарат маслихата Мамлютского района Северо-Казахстанской области" деген жазулар орналастырылған.

12. Оң жағында: көлемі 3x4 см фотосурет (қарсы алдынан түсірілген, түрлі-түсті), жанында қызметтік куәліктің нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты, (бар болса), атқаратын лауазымы көрсетіледі. Мәтін орыс тілінде басылады, аудандық мәслихат хатшысының қолымен және елтаңбалы мөрмен расталады.

13. Сол жағында: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі, елтаңбаның төменгі жағында көгілдір жасыл түсті "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу, жанында қызметтік куәліктің нөмірі, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, атқаратын лауазымы көрсетіледі. Мәтін мемлекеттік тілде басылады. Одан төмен куәліктің берілген күні мен әрекет ету мерзімі көрсетіледі.

4. Қорытынды ережелер

14. Куәліктерді беру мен қайтып алууды есепке алу нөмірленіп, тігілген куәліктерді беру және қайтаруды тіркеу журналында жүзеге асырылады.

15. Қызметтік куәлік жоғалған немесе бұлінген жағдайда, оның иесі сол сэттен кешіктірмей жазбаша (ерікті) түрде кадр қызметіне хабарлайды.

Жоғалған қызметтік куәлік иесі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оның жарамсыздығы туралы жариялайды, ол туралы қадр қызметіне хабарлайды.

16. Қызметтік куәлікті жоғалтудың, бұлдірудің, сондай-ақ оны басқа тұлғаларға берудің немесе мақсатқа сай пайдаланбаудың әрбір фактісі бойынша кадр қызметтік тексеру туралы өкім шыққан күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қызметтік тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша аппараттың тәртіптік комиссиясы кінәлілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені қарайды.

17. Жоғалғаның орнына жаңа қызметтік куәлікті қызметтік тексеру жүргізілгеннен кейін кадр қызметі береді.

18. Лауазымнан босатылған, жұмыстан кеткен, орын ауыстырған (қайта тағайындалған) жағдайда қызметшілер, сәйкес өкім шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде күелікті оны алған орнына тапсырады.

19. Қызметтік күеліктерді есептен шығару және жоуды жауапты қызметкермен, осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес, нысан бойынша күелікті есептен шығару және жою актісін жасаумен жылына бір рет жүргізеді.

20. Жыл сайын, 1 қантардағы жағдай бойынша кадр қызметі сәйкес қызметтік күеліктердің олардың есептік деректермен салыстыру жүргізеді.

21. Қызметтік күеліктерді толтыру, рәсімдеу, есепке алу, беру, сақтау және жою тәртібін жалпы бақылауды Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының хатшысы жүзеге асырады.

22. Қызметшіні жұмыстан босатқан кезде қызметтік күелік кадр қызметіне тапсырылады. Күелікті тапсырған кезде тапсыру парагына қызметтік күелікті беруге жауапты тұлғаның қолы қойылады.

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік күеліктерін беру және қайтару журналы

Нысан

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік күеліктерін беру және қайтару журналы

№	Қызметтік күеліктің номірі	Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)	(Лауазымы	Беру күні	Алғаны туралы қызметшінің өзінің қолы	Қызметтік күелікті ауыстырғаны және тапсырғаны туралы белгі (тағайындау, лауазымының өзгеруі, мерзімі өтуі, жұмыстар босатылуы, жоғалтуы)	Қызметтік күелікті жою (актінің номірі мен күні)	Ескертпе

Ескертпе: "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік күеліктерді беру және қайтару журналы тігіледі, номірленеді және қадр қызметшінің қолы қойылып, елтаңбалы мөр қойылып расталады.

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік күелігін беру Қағидалары және оның сипаттамасына 2 қосымша

Нысан
Ұйымның атауы

АКТИ

№

жасалу орны күні

Біз, төменде қол қойғандар (кемінде 3 қызметкер, тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), атқаратын лауазымын көрсету керек), "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларының 19-тармағының негізінде қызметкерлерді есептен шығаруға және жоюға жиналған практикалық маңызын жоғалтқан қызметтік куәліктерін зерделеп: жұмыстан босатылуға, басқа қызметке ауысуға байланысты, тізімге сәйкес:

Оларды есептен шығару және жою бойынша осы актіні жасадық.

Лауазымның атауы Қолы

Лауазымның атауы Қолы

Лауазымның атауы Қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК